

**Семей қаласы мәслихатының 2015 жылғы 18 наурыздағы № 38/211-V "Семей қаласы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, шығару және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы мәслихатының 2016 жылғы 5 қазандағы № 6/49-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 1 қарашада № 4722 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы мәслихатының 2019 жылғы 29 мамырдағы № 38/265-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы мәслихатының 29.05.2019 № 38/265-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1-бабының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Семей қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Семей қаласы мәслихатының 2015 жылғы 18 наурыздағы № 38/211-V " Семей қаласы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, шығару және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №3862 болып тіркелген, 2015 жылғы 21 сәуірдегі №31 "Семей таңы" және "Вести Семей" газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Семей қаласы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, шығару және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы";

шешімнің 1 тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Семей қаласы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, шығару және көмуге арналған тарифтер бекітілсін.";

қоса беріліп отырған Семей қаласы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, шығару және көмуге арналған тарифтер қосымшаға сәйкес, келесі редакцияда жазылсын .

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат сессиясының  
төрағасы, қалалық мәслихат хатшысы

Б. Ақжалов

2016 жылғы 5 қазандағы

№ 6/49-VI шешімге

қосымша

Семей қаласы мәслихатының

2015 жылғы 18 наурыздағы

№ 38/211-V шешімімен

бекітілді

## Семей қаласы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, шығару және көмуге арналған тарифтер

№	Нысан	Есептік бірлік	Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, шығару және көму қызметтерінің тарифі, теңге
1	Жайлы үйлерден қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, шығару және көмуге арналған тариф	1 тұрғын айына	200
2	Жайлы емес үйлерден қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, шығару және көмуге арналған тариф	1 тұрғын айына	364
3	Заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлік субъектілер үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, шығару және көмуге арналған тариф	1 м <sup>3</sup>	1284